



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

На эти факты, указывающие на единую по времени, но разную по характеру степень зависимости тюленгутов от султанов, не было обращено до сих пор внимания историками, рассматривавшими вопрос о тюленгутах. Ошибка здесь крылась также и в том, что институт этот рассматривался изолированно от особенностей производства у казахов, т. е. в отрыве от кочевого скотоводства.

Необходимо отметить, что тюленгутство не могло превратиться в крепостничество и не превратилось в него в условиях кочевого скотоводства.

Список использованных источников

1. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина, 1896.
2. Зобнин Ф.К. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в киргизской степи. Семипалатинск, 1902.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Петербург, 1832.
4. Мейер Л.. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики Российской империи. СПб, 1865, с. 95-96.
5. Потапов Л.П., Левин М.Г. Народы Сибири. Москва, Ленинград: Издательство АН СССР, 1956.
6. Тенгереев И. С. Теленгеты. Уч-Сумер, 2001.
7. Уманский А.П. Телеуты и их соседи в XVII - первой четверти XVIII в. Барнаул, 1995.

ӘОЖ 94=512.1

ТҮРКІЛЕР ҚОЛДАНҒАН ӘЛІПБИДІҢ ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ғайса Акерке Маратқызы

akos_777_777@mail.ru

Студентка 2 курса исторического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель - Э. Кемельбекова

Бұл берілген жұмыста «ақтандақ» жылдарындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі қаралған. Түркі халқының Шығыс пен Батыс елдерімен «Ұлы Жібек Жолы» арқылы саяси және сауда байланысында болғандығын дәлелдейтін кезеңдеріне тоқталған. Автор түркі тілдес халықтарының жазу әліпбиінің дамуы мен қалыптасу уақытына және түркі тілінің Қазақ жерін мекендеген тайпалық одақтардың дамуына, өркендеуіне қосқан үлесін ашып көрсеткен. Түрік халқы VIII ғасырдан бастап түрлі мәдениеттің әсерінен өзіндік құрылымы бар, әліпбилерін де өзгертуге мәжбүр болды. Кейбір деректерге қарағанда, түркі халқы өзі басынан өткізген уақыт ішінде «6-12 ғасырлар аралығында» әр түрлі жазу нұсқасын қолданған. Ұлы Жібек жолының халықаралық маңызы бар сауда жолына айналуына байланысты, түркі халықтарының жазу үлгісі де үнемі өзгеріп отырғаны тарихи деректерден белгілі. Түркі жазуының алғашқы әріптері мен суретті жазу нұсқалары, грек жазу нұсқаларымен ұштасып жатады, бұл әліпбиді б. ж. с. бұрынғы 1700 жылдарда Батыс Самиттерден тараған Кенанилер ойлап тапқан. Әрбір тілдің өзіне тән ұлттық сипаты және айтылу мәнері барын білеміз. Ұлттық айтылу дыбыстары мен жазылу үлгісі, бүтін бір халықтың ұлттық өзіне тән үлгісі, өнімі мен мүмкіндігінің көрінісі болып табылады. Осы мәселе жұмысымыздың зерттеу аспектісіне айналды.

Жұмысымыздың мақсаты: түркі жазуының тарихи маңыздылығын және өзгерістерінің басты себептерін анықтап, үш тақырып аясында қарастыру.
Мақсатымыздан туындайтын міндеттер:

1. Көне түркі жазуы туралы мағлұматтар жинақтау;
2. Түркі әліпбиінің өзгеруіне әсерін тигізетін тарихи факторларды қарастыру;
3. Түркі жазуларының ұқсастық аясын топтастыру;
4. Өзіндік қорытынды жасау.

Зерттеу объектісі: Көне түркі жазуының тарихи құндылығын анықтау.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер: Тарихи деректермен танысу, оқу, зерттеу, талқылау, талдау, тұжырымдау.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Әрбір ұлттық жазу- әліпбиі өз ұлысының атымен аталады. Бір әліпбиді құрап тұрған әріптер сол тілдің дыбыстарын ғана бере алады. Түріктер сияқты әліпбилерін көп өзгерткен халық жоқ.

Көктүрік әліпбиін V-X ғасырлар арасында Енесей қырғыздары мен көктүріктер кеңінен пайдаланған. Бұл әліпби тас, тері, металл сияқты қатты заттарға жазуға ыңғайлы. Кейіннен қылқаламмен, қаламмен қол жазуында да қолданылған. Енесей әріптерінің алғашында 150 түрі болса, кейіннен 38 әріпке дейін азайтылған. Әріптердің негізгі ерекшелігі әрбірінің түзу сызықтармен қиюластырылуы және бір-бірінен бөлек жазылуы. Формасына қарай руникалық, яғни Гермендердің «Рун» жазуына ұқсайды. «Руника» сөзі Көне Скандинавия тілінде «рун» зат есімнен туындаған «құпия» мағынасындағы сын есім. Дания ғалымы В. Томсен көктүрік әліпбиімен жазылған Орхун ескерткішінің отыз сегіз әрпін оқыды. Бұлардың төртеуі дауысты, қалғандары дауыссыз. «е, h, kh, j, v» әріптері әліпбиде кездеспейді. Оңнан солға қарай жазылады. Сөздердің арасына қос нүкте:/ / қойылады. Бұл жазудың ең әдемі үлгісі- Орхун ескерткіштері.[1] Әліпбидің шығу төркіні туралы түрлі пікірлер айтылды.

Олардың негізгілері мыналар:

1. Гермен немесе Скандинавияның руникалық әріптерінен алынған. /Хейкел/
2. Түрік таңбаларынан алынған. /Аристов, Малитский, ДжафEROғлы, Арат/
3. Кезінде түрік таңбаларының фонетикалық қызмет атқаруынан және сонымен бірге

көне парсы тілінің атасы пехлеви тілінің әсерінен туған. «Әліпбидің оңнан солға қарай және жоғарыдан төменге қарай жазылуында қытайдың әсері болған».[2]

Түрік халқы тарихында түріктер қолданылған жазулар арасында ауқымды деңгейде ең ұзақ қолданылған Араб әліпбиі еді. Тіпті түрік халқының ислам дінін қабылдауымен бірге мың жылдан аса мерзімнен бері қолданылған ең негізгі әліпбиі болуы да ғажап емес. Латын әліпбиінен бұрын қолданылған жазу болғандықтан, «ескі жазу» деп аталады. Түріктер арасында ислам дінінің таралуымен бірге аталған әліпбидің қолданылу шеңбері тіпті де тарыла түсті. Түрік тілін араб әріптерімен ең бірінші жазғандар X ғасыр орталарында ислам дінін қабылдаған Қараханиттер болды. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, араб әліпбиімен жазылған ең көне түрікше дерек Махмұт Қашқаридің 1072-1074 жылдар арасында жазылған «Дивани Лұғат- ат Түрік» атты алғашқы түркіше-арабша сөздігі. Ислам дінінің өркендеуімен мұсылман қауымның тілі ретінде қолданылған араб әліпбиі уақытында жетілді, дамыды. Бұл жазу ислам діні тараған мемлекеттерде жергілікті тіл әсерімен әр түрлі өзгерістерге түскен. Әріптердің формасын өзгерткен Иран, Мағриф және Осман жазуы сияқты стильдік ерекшеліктерімен бірге кейбір әріптер де қосылған. Түркі халықтарының жаңа түрік әліпбиінің қалыптасуына, Славян/ кириллица/ әліпбиінің, XVIII-XX ғасыр аралығында Ресейдегі Чуваш пен Якуттар қолданған көне жазулардың әсері маңызды болды. Бұл әліпбиді IX ғасырда Кирилл атты православие дініндегі поп шіркеуге арнап жасаған. 1938 жылдан бастап Кеңес Одағының құрамындағы түркі халықтары қолданған.

Қазіргі түркі тілінен басқа түркі халықтары араб әліпбиінен кейін славян /кириллица/ әліпбиі көп қолданылды. Аталған әліпбиді ең бірінші қолданған Чуваштар. Христиан дінін тарату үшін Еділ-Кама аймағына келген орыстар өз әріптерімен/ жазды. Бұл грек негізді әліпби. Осы әліпбиімен жазылған түрік тіліндегі шығармалар негізінен діни үгіт-насихат мәтіндері мен евангелиеден үзінділер. Олар мұсылман бұлғарларын христиан дініне

шоқындыру үшін жазылған. Аталған әліпбиімен жазылып жарық көрген бай коллекция бар. Жоғарыда келтірілген, біз оқып танысқан Орта ғасырлық тайпалық одақ халықтарының тілдік дамуы- Жаңа түрік әліпбиінің қалыптасуына ұласты. Латын әліпбиі түрік тілінде қолданылып отырған ең соңғы әліпби. 1928 жылы 1 қарашада заңмен бекітіліп, түріктердің ресми әліпбиі ретінде қабылданды. Латын әліпбиінде қолданылмаған «с, S, ö, ü» сияқты дыбыстар қосылды. Солдан оңға қарай жазылады. Латын әліпбиін 1924-1938 жылдар арасында бұрынғы Кеңес Одағындағы түркі халықтары да қолданған. Бірақ көп уақыт өтпей қайтадан кириллицаға көшеді. Жастарды орыс мәдениетіне жақындастырмауы латын әліпбиінің қолданылмауына себепші болды. Латын негізді әліпбиді бүгінгі күні Түркия Республикасында, Кипрде, Югославияда тұратын түріктер, Еуропа мемлекеттерінде тұратын түріктер және олардың екінші, үшінші буындарды қолданады. Сонымен бірге VIII ғасырда 2000-дай түрі бар қытай әліпбиін қолданды. [3]

Сібір және Монғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен алғанда «құпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп атайтын. Ол кезде әлем ғалымдары сондықтан, бұл жазуларды көне Угор тайпаларының (Орал халықтарының ата-бабалары) мұрасы деп есептеді. Жазуларды зерттеуге арнайы ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Мунусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д. Г. Мессершмидт және Ф. И. Фон Стралленберг 1721-1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. Жиналған деректер ғылыми тұрғыдан екшеліп, 1729 ж З. Байердің «Санкт-Петербургтегі Императорлық ғылым Академиясының жазбаларында» жарық көріп, Еуропадағы барлық Шығыстанушылардың қатты қызығу нысанына айналды. 1730 жылы Ф. И. Фон Стралленбергтің өзі де зерттеулерінің қорытындысын және жазулардың көшірмелерін жариялады. [4]

Көне түркі жазулары негізінен 6-10 ғасырлар аралығында Ұлы Түркі қағандығы және Көк Түркі қағандығы, Хазар қағандығы кезінде қолданылған. Таралу аймағы Монғолия-Сібір далаларынан Тибет жеріне дейін және Еуропадағы Венгрия, Чувашия аймақтарына дейін кездесіп отырады. Көне түркі жазуларының орнына далалыққа көне Ұйғыр жазулары келді. Бұл жазуды кейде манихей жазулары деп атайды. Оның таралуы Манихей дінінің таралуына байланысты болды. Кейін бұл жазуларды Ислам дінінің ықпалымен енген Араб жазулары ығыстырып шығарды. Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмалар жоқ. Алайда түркі жазбаларының жазылу мерзімдеріне қарағанда алғашқы Енисей-Лена бойынан, Сібірден, Байқал аймағынан Монғолия далаларына, Орхон жеріне, одан Қазақстан мен Қырғызстан, Шыңжаң жеріне қарай біртіндеп таралғаны көрсетеді. Ал жазылу үрдісі, таңбаларының қолданылуы ұқсас, оқылуы біркелкі.

1. Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары 5-7 ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей.

2. Талас ескерткіштері. Бұл аймақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан. Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мерзімі бірыңғай 8 ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

3. Орхон ескерткіштері. Монғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мерзімі 7-8 ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің орны ерекше. Яғни Көне түркі жазулары 5-8 ғасырлар аралығында Сібір, Монғолия,

Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жерінде кеңінен қолданылғаны туралы қорытынды шығаруға болады. Бұл көрсетіліп отырған тарихи мезгіл (5-8 ғасырлар) мен оның таралған үлкен аймағы Ұлы Түркі қағандығы, одан бөлінген Батыс және Шығыс Түркі, Түргеш, Хазар қағандықтары мен Көк Түркілер (Екінші Түркі қағандығы) мемлекеттерінің аумағы мен өмір сүрген дәуіріне сәйкес келеді. Бұдан басқа қазіргі ғылымға Көне Түркі жазуларының Тибет аймағындағы және Еуропалық далаларғы нұсқалары белгілі. Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан Даниялық ғалым Вильгельм Томсен болайын. (1898 жылдан бастап). Кейін орыс түркітанушылары ауларып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда Түркі елдерінің ғалымдары- Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде «руна (руникалық) жазулары» деп аталады. [5]

Жоғарыда келтірілген, біз оқып танысқан Орта ғасырлық тайпалық одақ халықтарының тілдік дамуы- Жаңа түрік әліпбиінің қалыптасуына ұласты. Сонымен қатар, тарихта адамдардың басқа дінді ерікті түрде қабылдауы сияқты оның тілін зорлықпен, мәжбүрлікпен де жүзеге асқан. Қай жолды алсақ та, бөтен дінді қабылдаған халықтың тілі үйретіліп, жаңа дінді қабылдаған халықтың тілі ұмытылған. Түріктердің басқа дінді қабылдауы да әліпбилерін ауыстыруларына себепші болып отырған. Халық мұсылман дінін қабылдау арқылы араб әліпбилерін қолданғаны тарихтан белгілі. Дін ғибадатын игеру үшін, сол елдің тілін білуді керек етеді. Батыс әлемінде түрлі себептер ойлап тауып, түркі тілдес халықтардың тілінің кешеуілденуіне кедергілер жасалынды. Кеңес құрылымы кезіндегі тоталитарлық жүйе де түркі тілінің өркендеуіне барынша кедергі жасады. Бірақ соған қарамастан көшпелі өмір кешіп, дамудың жоғарғы сатысына көтеріле білген түркі халықтарының өзіндік әліпбиі қалыптасып, тұтас бір халықты өркениетке бастады.

Осы тақырып бойынша, жұмыс барысында танысып игерген қосымша материалдарды тұжырымдай келе: ҮТүркі халықтарының әлемде өзіндік орны бар әліпбиінің даму жолдары мен өсіп-өркендеуі, сол жолдарда кездескен қиыншылықтар мен тілдің қалыптасу сатылары әлі де зерттеуді, толық жан-жақты талдауды керек ететін өзекті мәселелердің бірі екені белгілі және Түркі тілі бүкіл түркі тайпаларының басын біріктіретін басты құндылық болып табылады.

Түркі әліпбиі туралы зерттеулер мен болжамдар тек әдебиет емес, тарих оқулықтарына да енгізілсе, бұл оқушылардың тарихи көзқарастарының қалыптасуына өз әсерін тигізетініне сенеміз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Қазақ энциклопедиясының редакциясы, 1998 жыл, 10 томдық. Б.112-113
2. Қазақстанның мәдени мұралары, 2004 . Б. 72-74
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы 2 томдық. – Алматы: “Рауан” 1т. 1994., 2 т. 1998 ж. Б. 34-35
4. «Заман- Қазақстан» ақпараттық парақ №42-. Б. 5-6
5. Қазақстан тарихы жинағы 2 том. Б. 108-112